

Ел жүрегі - елорға шежіресі

АСТАНА АҚШАМЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Ырду-дырду орта тынысымды тарылтады

Өткен ғасырдағы жетпісінші жылдардың бас кезінде қазақ әдебиетіне өзгеше өрнек, жаңа леппен бір буын келді. Солардың арасында таңғы шықтай мөлдіреген әңгімелерімен әдеби қауымды елең еткізген М.Айымбетов та болды. Бүгінде Мәди аға – жиырмаға жуық прозалық кітаптың авторы. Қаламгер өз шығармаларында өмір шындығын шынайы өрнектеп, кейіпкерлерінің жан дүниесін нәзік иірімдермен аша білген. Көпшілікке көп сыр аша қоймайтын жазушымен жолығып, әдебиет туралы әңгіме өрбіткен едік.



**Мәди АЙЫМБЕТОВ, жазушы, ҚР Мәдениет қайраткері
– Шығармаларыңызда өзіңіз туып-өскен Құмөзек ауылының адамдарын, солардың болмысын түрлі психологиялық штрихтармен өріп, қоғамға, өмірге деген ойларыңызды астарлап жеткіздіңіз. Жалпы, шағын жанр оң жамбасыңызға дөп келеді деп бағалайсыз ба?**

– Құмөзек – балалық шағым өткен ауылдың образдық атауы. Өркеш-өркеш аппақ құмдардың жиегі – неше алуан балауса шөп өскен көкмайса шабындық, көкорай шалғын. Кейіпкерлерімнің көпшілігі де осы мекеннің тұрғындары, өзім көрген, өзім білетін жас-кәрісі бар адамдар. Жалпы, әңгіме – кейіпкер характерін мейлінше ұтымды әрі қысқа штрихтармен ашуға,

образды типтендіруге, оқиғаны оймақтай қалыпқа сала қоюға өте ыңғайлы әрі қиын жанр. Көпсөзділікті көтермейтін, егер сәтті шықса, оқырманды жалықтырмайтын жанр. Хикаяттар да, роман да жазылды, бірақ әңгіме жазуға қашанда оң бүйрегім бұрады да тұрады. Іріктеп, екшеп, саралап дегендей, 5 томға жинақтаған шығармаларымның үш томына әңгімелерімді енгізгенмін. Мұның екі томы 2016 жылы мемлекеттік тапсырыспен жарық көрді де, қалған үш томы әлі баспада жатыр.

– Кейінгі жылдары жазылған көркем дүниелеріңізде адамның жалғыздығын терең бойлап жазып жүрсіз...

– Адамның жалғыздығы деген проблема – адам болмысынан туындайтын мәселе, сол жалғыздықтың астарындағы өмірдің әрқилы құбылысын, шындығын беру арқылы образды ашу. Көркем шығармада бұл тәсіл психологизммен де астасып жатады. Адам психологиясын дәл біліп, тап басу – шығармашылықтағы өте күрделі процесс. Еуропа, Латын Америкасы, Шығыс (Жапония, Қытай), орыс әдебиетінің, өзіміздің қазақ әдебиетінің әрбір кезеңдеріндегі классикалық шығармаларында осы жалғыздық образын жасаудың небір керемет үлгілері бар, оны санамалаудың қажеті болмас. Менің ұғымымдағы, тануымдағы адами жалғыздықтың философиясы – әрбір адам өмірге, бүкіл жан дүниелік болмысымен дара, жалғыз болып келеді де, дара қалпында өзі ғана өз өмірін кешеді, сол күйінде дүниеден өтеді. Бұл арадағы басты мәселе, адамның белгілі бір ортада өзімен-өзі жападан-жалғыз болып жүруі туралы емес, адамның рухани жағынан, өз мұңы, өзіндік ой-санасымен өзінше дара болмысты болуы жөнінде болса керек-ті. Көркем шығармада бұл – өзекті де шынайы тәсіл, кейіпкер арқылы жазушының өмірлік кредосын айқындайтын тәсіл. Қай жазушы болмасын, мұны өзіне тән мәнермен жазады, өзіме қатысты да осылай дер едім.

– Бала күнімде «Бөтен адамдар» атты радиопьесаңызды тыңдап едім. Бірақ сіздің одан басқа драматургиялық туындыларыңызды көзім шалмады...

– Осы сұрақты оқырмандар ара кідік болса да қойып жүреді. Бірақ драматургиялық шығарма жазумен шындап айналысқам жоқ. Қолжазба күйінде сақталған бір-жар пьесаларым бар, театрларға ұсынған жоқпын, өйткені сахналақ шығарманың прозаға қарағанда өзіндік ерекшелігі – өмір

көрінісін тартысымен, шиеленісімен, динамикасымен, түйін-шешімімен сахнаға сыйғыза білу, сахналық сөз арқылы адам жүрегіне жеткізіп, бейнелей білуде. Қазақ радиосында кезінде «Қазақстан радиотеатры» деген бір сағаттық бағдарламаның арнайы тапсырысымен жазылған дүние болатын, Алтын қорда сақталғандықтан, қазір анда-санда эфирге жіберіп тұрады. Басты рөлде Бикен апай Римова ойнаған еді, апай кейіннен маған театр сахнасына арнап ауылдың осындай бір кемпірінің, өмір тауқыметін көп көрген ананың образын ашатын драма жазып берсейші деп өтініш те айтқан. Шынымды айтсам, жүрексіндім. Жазушы, әрине, белгілі бір дәрежеде драматург те ғой. Прозалық шығармада өмір драмасы да немесе өмір комедиясы мен трагедиясы да болады, алайда ол сахналық туындыға айналуы үшін сахнадағы көріністік сипатқа тән өлшеммен өзгешелеу жазылуы тиіс. Театрлық шынайы шығарманың проблемасы көп қой, сөзді көбейтіп қайсы бірін айта бересің. Қаламым прозаға бейім мен үшін бұл, Азамат, өзің айтқандай, оң жамбасыма келіңкіремейтін тірлік сияқты көрінеді.

– Ұзақ жылдар бойы ҚР Парламент Сенатында редакциялық-баспа бөлімінің меңгерушісі болдыңыз. Біздегі заңдардың дені (бәрі десе де болады) орыс тілінде жазылады. Осы саланың маманы, кәсіби аудармашы ретінде заңды қазақша жазуымызға қандай кедергі бар?

– Басты кедергі және жалғыз кедергі – бұл мәселеде әлі күнге шейін «көз – қорқақ, қол – батыр» деген қағиданы ұстана алмай отырғанымыз, заңды ана тілімізде жазуға жүрексінетініміз. Әйтпесе, бүгінгі таңда заңнама терминдерінің қоры бар, ширек ғасырдан астам уақыттың ішінде қабылданған заңдардың қазақша мәтіндерінде ұлттық заңнамамыздың өзіндік стилі, заңнама лексикасының қалыптасқанын жоққа шығара алмаймыз. Басқа тілдермен қатар, ана тілін жетік меңгерген, жаза алатын заңгерлерді де, лингвистерді де табуға болады. Қазақша аудармасы жасалатын орысша заңның өзі шетелдік модельдік заңдардан, негізінен, ағылшын тілінен аударылатыны белгілі, сол орыстілді стильдік мәнері кедір-бұдыр мәтінді қазақшалағаннан гөрі, өз тілімізде түпнұсқалық заң жазу – ұлттық мүддемізді сақтап қалудың да бірден-бір шарты. Содан кейін оны орыс, ағылшын, басқа тілдерге аудары беріңіз. Енді таяу болашақта латын алфавитіне көшеміз деген үлкен мақсат тұр алда, заңнамамызды өз тілімізде жазудың қажеттілігі өзекті

бола түсетін кез сонда туатынын бүгіннен бастап есте мықтап ұстап, әрекеттенген жөн.

– Елдің бір қадірлі азаматы ретінде қоғамдағы қандай мәселелерге жаныңыз ауырады?

– Қанымызбен, жанымызбен, рухымызбен Қазақ елінің азаматымыз ғой бәріміз. Елдің болашағына қатысты мәселенің барлығына да назар саламыз, көңіл түкпірінде сақтап ойланамыз. Болашаққа баратын жол – айқын, елдігімізді сақтап, қастерлеу арқылы мәңгілік елге айналу бағытын ұстанып отырмыз. Ал осы ұстанымның іс жүзіне асуы жолында жетіспейтініміз не деген сұрақтарға кейбір реттерде алаңдайтынымызды да жасыруға болмас. Бұл, біріншіден, жазушы ретінде ойлансам, тілімізге қатысты мәселе. Қазіргі жас буын, әсіресе, мемлекеттік қызметте жүрген, халыққа әртүрлі әлеуметтік, мәдени, медициналық қызмет көрсету саласындағы жұмыс жасап жатқан жастардың, мамандардың өз тілін, мемлекеттік тілді өз деңгейінде қолданбайтыны, нақты айтқанда, қастерлей білмейтіндігі, әрі-беріден соң менсінбейтіні жанды ауыртады. Қызметте былай тұрсын, күнделікті қарым-қатынаста бір-бірімен өз тілінде сөйлеспейді. Ана тілін қасиеттемеу, құрметтемеу өзіңді туған ұлтыңның перзенті ретінде сезінбеу емес пе?! Ал мұндай жас өз ұлты түгіл, туған ата-анасын қалай сыйламақ, ұрпағына қалайша дұрыс тәрбие бермек?! Ойланатын мәселе көп, бұл – осы шетін мәселенің бір ғана парасы. Бұлар енді рухани жағынан қалайша жаңғырмақ деп ойға қаласың. Рухани жаңғыру үшін алдымен адам ұлттық мәселенің қай-қайсында да рухани жағынан таза да биік болуы тиісті емес пе?!

...Ал халықтың есебінен жеке басының пайдасын ойлағандардың жымысқы, жемқор әрекеті жөнінде әр-әр тұстан әшкере болып жатқандардың тірлігі де елдігімізге сын емес пе деген күйінішті алаңдаушылық та кім-кімді де енжар қалдырмаса керек. Әйтсе де, болашаққа деген сенім бәрібір үлкен үміттерге қарай жетелейді.

– Елордаға алғашқы лекпен келген зиялы қауым өкілінің бірісіз. Бас қаланың шығармашылығыңызға ықпалы болды ма?

– Сөз жоқ, әсерін тигізді деп айта аламын. Астанадағы жиырма жылдың ішінде бірқатар жаңа шығармалар жазылды, 10-нан астам кітабым жарық

көрдi, оның бiразы орыс тiлiне де аударылды. Жаңа елордада жаңа орта қалыптасты, талай адамдармен танысып, жүздесудiң сәтi түстi. Жалпы, адам өмiрiнде болатын өзгерiс атаулының баршасы да, оның iшiнде, әрине, жағымды өзгерiс, жаңарулар оның танымына, айналадағы тiршiлiкке деген көзқарасына әсерiн тигiзбей қоймайды. Тәуелсiз елiмiздiң жаңа келбетiн әлемге паш етуде Астананың орны ерекше. Көз алдымызда жаңа да сәулеттi қала пайда болды, елдiң экономикалық, саяси, рухани, мәдени-әлеуметтiк дамуының жаңа белестерi осы елордамыздың жыл сайын қанат жайып, өсуiмен тiкелей астасып жатыр. Астанаға қатысты өзiмнiң жеке ой-пiкiрiмдi кезiнде «Есiлдiң арғы бетi, бергi бетi» деген тақырыппен жарық көрген көсемсөзiмде де жазғанмын.

– Көбiнесе бұйығы, жеке жүресiз. Ырду-дырдудың ортасынан көрiне бермейсiз. Табиғатыңыз сондай ма, әлде көп алға ұмтылуды ұнатпайсыз ба?

– Әр адамның өзiне ғана табиғаты, жаратылысы, мiнез-құлқы болатыны – дәлелдi керек етпейтiн ақиқат, менiң де болмысым өзгеге ұқсамай жатса, адами өзгешелiгiм болар. Ал жалпы бар ғой, өзiме қажетсiз деп танитын дабырасы көп жиыннан алыс жүруге тырысатыным рас, бiрақ бұл бұйығылыққа, жеке басын күйттеушiлiкке жатпаса керек-тi. Мен ондайлардың санатынан емеспiн. Екiжүздiлер, мақтангөйлер, мансапқойлар жүретiн ырду-дырду орта тынысымды тарылтады. Олардың арасынан менi көрмеген адам, шынында да, менi бұйығы, жеке жүргендi мансұқтайтын бiреу деп есептеуi мүмкiн. Ал алға ұмтылуды ұнатамын, онсыз тiршiлiктiң мәнi қайсы?! Бiрақ баса-көктейтiн, «өзiм, өзiм ғана дейтiн» пендешiлiгiм де, марапат құмарлығым да, дарақылығым да жоқ. Тура айтатын, керек жерiнде ойымдағыны бүге алмай қалатын кемшiлiгiм де бар шығар, пендемiз ғой. Өзiм туралы өз аузыммен айтқаным, бәлкiм, онша дұрыс та емес, әрине, бiрақ бойымдағы бар қасиетiм – осы.

Сұхбаттасқан Азамат ЕСЕНЖОЛ